

2014 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 5 ақпандағы № 58 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 наурызда № 4475 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7, 20-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылға ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру к ө з д е р і б е к і т і л с і н .

2. М ы н а л а р б е л г і л е н с і н :

1) мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік салық аудандық бюджеттен өтеледі және жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аударылады;

2) жалақыны есептеу мен төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметіне комиссиялық сыйақысын төлеу шығындары қоғамдық жұмыстарды орындау шартында белгіленген мөлшерлерде жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына аудандық б ю д ж е т т е н ө т е л е д і .

3. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және тізбеде белгіленген ұйымдар арасында қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартта көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Г. А у б а к и р о в к е жү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

А. Кенжегарин

"Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Л. Зейнекина

Жангелдин ауданының прокуроры

_____ М. Аманжолов

Жангелдин ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры

_____ Т. Жангелов

"Жангелдин аудандық мемлекеттік мұрағаты" "Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесінің филиалы басшысының міндетін атқарушы

_____ С. Капарова

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министирлігінің "Қостанай облысы Жангелдин ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік республикалық мекемесінің бастығы

_____ Қ. Тулебаев

Әкімдіктің 2014 жылғы

5 ақпандағы

№ 58 қаулысымен

бекітілген

2014 жылға ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері

№	Қоғамдық жұмыстардың				

Ұйымдардың атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	көлемі, сағатпен	Жұмыстардың нақты жағдайлары	Еңбек ақысы	Қаржыландыру көздері
1 "Жангелдин аудандық прокуратурасы" мемлекеттік мекемесі	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін құжаттарды өңдеуге көмек Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін аумақтарды тазартуға және абаттандыруға көмек	6 0 0 600	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен	Ең төменгі жалақының 1,5 мөлшері	Жангелдин ауданының бюджеті
2 Жангелдин ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін аумақтарды тазартуға және абаттандыруға көмек Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін аумақтарды көгалдандыруға көмек Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін құжаттарды өңдеуге көмек	4 8 7 8 0 5 4 3 6 8 2400	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен	Ең төменгі жалақының 1,5 мөлшері	Жангелдин ауданының бюджеті
			Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс		

3	"Жангелдин аудандық мемлекеттік мұрағаты" Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты" мемлекеттік мекемесінің филиалы	" Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін құжаттарды өңдеуге көмек	504	уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен	Ең төменгі жалақының 1,5 мөлшері	Жангелдин ауданының бюджеті
4	Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің "Қостанай облысы Жангелдин ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік республикалық мекемесі	Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін құжаттарды өңдеуге көмек	504	Қоғамдық жұмыстарға бір қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен қарастырылған шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнін, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен	Ең төменгі жалақының 1,5 мөлшері	Жангелдин ауданының бюджеті